



**"Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 қаңтардағы № 16 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 30 қаңтарда № 33942 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17553 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында:

9-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9-2. Бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бірінші сыныбына қабылданатын баланың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуірі мен 31 тамызы аралығында жүзеге асырылады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау осы Үлгілік қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметіне сәйкес портал немесе көрсетілетін қызметті беруші арқылы қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оныншы, он бірінші (он екінші) сыныптарына білім алушыларды қабылдау білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып және білім алушының жеке өтініші не олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші, сондай-ақ негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде жүзеге асырылады.

Өтініштер күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін қабылданады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 1-қосымшада:

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде:

3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мерзімі	Көрсетілетін қызметті белгілеу топтамасын тапсырған күннен бастап ақ портал арқылы жүгінген күні.
---	--	---

";

8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі	<p>- порталға:</p> <p>1) "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес нысан бойынша ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің өтініші;</p> <p>2) "Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызметтің мерзімін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің атқарушының 2020 жылғы 30 қыркүйегіндегі ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 21579 б.</p>
---	---	--

	<p>бекітілген "Профилактика денсаулығының паспорты" № 065/у нысан медициналық анықтамалар;</p> <p>3) баланың 3x4 см өлшемді фотосуреті.</p> <p>- көрсетілетін қызметті түрінде):</p> <p>1) "Бастауыш, негізгі орта, берудің жалпы білім беретін бойынша оқыту үшін бағыныстылығына қарамастан ұйымдарына құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қойылатын негізгі талап сәйкес нысан бойынша ата-басқа заңды өкілдердің өтініші;</p> <p>2) жеке басын растайтын қызметті алушыға қайта цифрлық құжаттар сервиз электрондық құжат;</p> <p>3) "Денсаулық сақтау саласында құжаттамасының нысанда оларды толтыру жөніндегі бекіту туралы" Қазақстан Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі ДСМ-175/2020 бұйрығымен қабылданған құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 21579 бекітілген "Профилактика денсаулығының паспорты" № 065/у нысан медициналық анықтамалар;</p> <p>4) баланың 3x4 см өлшемді фотосуреті.</p> <p>Тиісті мемлекеттік органдармен шараларын жүзеге асырған шараларын алып тастау, тоқтату шаралары қабылданған және № 052-2/у нысанында анықтамаларды осы аумақ қызметті алушылар тікелей ұйымына қажеттілігіне қарай</p>
--	---

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Г. Бейсембаев*

*Оқу-ағарту министрі*

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі